

**Шу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 қарашадағы № 19-2 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып таңылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 20-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 26289 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шу аудандық мәслихатының "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып таңылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 17 қарашадағы № 19-2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3616 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шу ауданының  
мәслихат хатшысы*

*Ж. Абенов*